

Қалдырған ізі мәңгілік...



Өмір қезегінің тоқтамайтын қлы керуен. Сарқылмайтын алып қария. Мұңға тапай пенденің сапып кеткен сара жопы бар. Көнермеуімін көркем ісі бар. Ауып мұғалімі, бір мектепте тапжыпмай қырық жыпқай қызмет еткен Төлеу Жетесов сонқай бір ерекше ұстаз болатын.

Ол әкесі Жетес туралы «ескі шежіре жырларды өте көп білетін, домбырашы, жыршы адам еді, іске шебер тігінші, етікші болған» деп әңгімесін айтып, сол кісіден естіген көптеген жырларды құлағына сіңіріп, жаттап өскенін мақтан етіп отыратын. Анасы Ұлсарының ұлағатын да ұмытпай, ретті жерінде ойға алатын.

1952 жылы Шалқар қалалық қазақ орта мектебін бітірген жасөспірім Төлеу Орал педагогикалық институтына қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түседі. Қолына диплом алған соң Қостанай облысындағы Тобыл қаласында ұстаздық еңбек жолын бастайды. Кейіннен елге келіп, Ырғыз ауданының Калинин сегізжылдық мектебінде мұғалімдік қызметін жалғастырады.

Ол кезде Төлеу ағай жалындаған жас жігіт болатын. Мен ұстазымды сол мезеттен біліп өстім. Кейіннен Қарасай сегізжылдық мектебінде жұмысын жалғастырып, бір жерде қырық жылдай еңбек етті. Ол өз қызметінде талантты, ойшыл, шығармашыл жан ретінде танылды. Мектепте оқу ісінің меңгерушісі, партия ұйымының жетекшісі, мектепшілік қоғамдық іс-шаралардың ұйытқысы болды.

Уақытты қолмен ұстап тұра алмайсың. Оның үстіне өз қатары секілді Төлеу ағамыз да соғыс дәуірімен жағаласа туған, алдындағы оқ көріп, от кешкен майдангерлердің қолына су құйып, төлімін көріп өсті. Асықпай, айшықтап сөйлейтін білімдар жігіттің биязы мінезі мен дәлелді пікірлеріне әріптестері үнемі ден қоятын. Төлеу ағайдың зиялылығы, қарапайымдылығы, мейірімділігі, қамқорлығы Қарасай ауылына үлгі болды. Шәкірттеріне әдебиетті жанындай сүйіп оқытқан Төлеу ағайдың шешендік, ойлылық, рақымшылық, аяушылық, халыққа деген жанашушылық негізгі ұстанымы сияқты көрінетін. Ол, біздің білуімізде, жастайынан терең білім алып, аянбай еңбек етіп, еліне адал қызмет еткен адам. Оның алдынан дәріс алған оқушылары қазіргі таңда әртүрлі жоғары қызметтерде абырой биігінен көрінуде. Шәкірттері Хамит Өтеуов, Кеулімжай Алдабергенов, Еламан Байғожин, Күлшат Жұбаниязова, Балауса Жансүгірова және басқалары ұстаздарын мақтаншыпен әрі құрметпен еске алады.

Ескі жырларды, ауыз әдебиеті үлгілерін, Абай, Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынұлы, Батақтың Сарысы, Кердері Әбубәкір, Мінкен жыраудың жырларын, өлеңдерін, қисса-дастандарын жатқа айтып, домбырада орындайтын, өзі де шығармашылыққа жақын болды, газет-журналдарға мақала жазып, өлең де шығаратын.

Дүниеден өткеніне он жыл болған осындай ел азаматының өнегелі еңбегін, адамгершілігі мен асыл қасиеттерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтып жүру оның көзін көрген, қадір-қасиетін білетін біздің парызымыз.

«Жылқы ішінде жүйрік көп, қазанаты бір бөлек, ел ішінде жігіт көп, азаматы бір бөлек» дегендей, адами қасиеті жоғары тұлғаларды халқымыз қызыл тілдің қуаты жеткенше мадақтап, ұл-қыздарына өсиет еткен ғой. Төлеу ағайдың еліміздің келешек ұрпақтарын тәрбиелеуге қосқан үлесі зор, ол осы тұрғыдан өнеге етуге тұрарлық азаматтарымыздың бірегейі. Көркем әдебиетті жанындай жақсы көрген ол оның қадір-қасиетін, тәрбиелік мәнін, кітаптың маңызын өз шәкірттерінің жүрегімен сезінуіне ықпал етті.

Кешегі бір кезеңдерде елдің әдеби шығармаларға құштарлығы керемет еді. Бұған өз ісіне шын берілген талантты педагогтердің әсері де мол еді, солардың қатарында Төлеу ағай да болды. Ол ғасырлар бойғы қалыптасқан ұлттық тәрбие, әдет-ғұрып, жұмбақ, айтыс өнері, жыр-дастандарды, ертегілерді тәлімдік материал ретінде шебер пайдаланып, оқушылардың азаматтық ой-өрісі мен болмысын дамытып, шәкірттерінің дүниетанымын ұлттық нақышта шебер қалыптастыра білді.

Ол кісінің тағы бір ерекшелігі — ағайын-туыс арасында өте сыйлы, беделді болды. Жан-жағының үлкендерін аға-апа, кішілерін іні-қарындас қылып бауырына тартатын. Тұрлауы беймәлімдеу жалған дүниеде адам тек ұрпағына үміт артады. Жұртына қадірлі, қатардағы ұстаз бола жүріп, балаларына жақсылықтың дәнегін көктетіп, ізгіліктің ізін қалдырды.

Өмірлік қосағы, білім беру ісінің үздігі Алма Мұханбетпайызқызымен жұптасып жүріп, бақытты ғұмыр кешті. Жалғыз қарындасы Қымбат аға жолын қуып Орал педагогикалық институтынан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын алды. Ол жұбайы Қалманмен жарасты ғұмыр түзеді.

Ұлсары әжеміз немерелерін бауырына басып, тәлім-тәрбие беріп өсірді. Төлеу ағамыз балаларын адамгершілікке, адалдыққа, буырмалдылыққа тәрбиеледі. Ол «Ақылың — қазығың, білімің азығың болсын» деп жиі айтатын еді. Ұстазымыз балаларының жағдайын ойлап, 1994 жылы Қарасайдан қалаға көшіп келді. Ата-ана жолын қуған қыздары Кәбира мұғалім болып, зейнет демалысына шықты, Алуа — тіл маманы, Ақтөбе заң институтында қызмет атқарады. Айнұр мен Айгүл — бастауыш сынып мұғалімдері. Немересі Әсемгүл мектепте психолог.

Балалары Өмірзақ, Сәрсен, Ерболат, Бекболат әртүрлі өндіріс салаларында абыройлы жұмыс жасайды. Бекболаты — қара шаңырақтың иесі. Дүйсені Ақтөбе заң институтында бөлім бастығы. Немерелері Жасұлтан мен Ару — бизнес саласында. Нұрлан мен Қуаныш ішкі істер органында қызмет жасайды. Баянды — денсаулық сақтау қызметінде, Жазира — студент, болашақ дәрігер, Ерке — мектеп оқушысы.

Төлеу ағай — ұстаздықта еңбегі жанған жанның бірі. Ауыл балаларына берген өнер-білімін, тәрбиесін ел ұмытпайды. «Қалдырған ізін мәңгілік» деген теңеу де біздің асыл ұстазымызға арнап айтылғандай...

Қуаныш АЙТҚҰЛОВ,
білім беру ісінің үздігі.
Ырғыз ауданы.

«Sunrise Energy Kazakhstan» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2022 жылы 18 мамыр сағ. 11.00-де Ақтөбе облысы Байғанин ауданы, Қопа а.о., Ебейіт ауылы, Бейбітшілік көшесі, 7-үй мекенжайы бойынша «1.07.2022-31.12.2022 жылдарға арналған «Sunrise EnergyKazakhstan» ЖШС көздерінен атмосфералық ауаға шығарындылар нормативтерінің жобасы. 2.) «Sunrise Energy Kazakhstan» ЖШС Шоба кен орнындағы қоршаған ортаны қорғау бойынша 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=WXBVnlXb2F0RTg0cGhHV002OFRjdz09> немесе конференция идентификаторы: 253 810 1026 Кіру коды: 0ShUin.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Ecoproject.company@bk.ru және 87025574058 телефоны.

«ПГС-Бестамак» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2022 жылы 12 мамыр сағ. 10.30-да, Ақтөбе облысы Алға ауданы, Бестамак а.о., Бестамак ауылы, Бөгенбай батыр көшесі, 10В үй мекенжайы бойынша «Жобаларға қоршаған ортаны қорғау бөлімі: «ПГС-Бестамак» ЖШС бұзылған жер учаскелерін, құм өндіруге арналған карьерді, шаруашылық учаскесін орналастыру және пайдалану кезінде, құнарлы топырақ қабатының үйіндісін және кіреберіс жолды рекультивациялау. Ақтөбе облысы Алға ауданындағы Бестамак кен орны», «ПГС-Бестамак» ЖШС бұзылған жер учаскелерін, құм өндіруге арналған карьерді, шаруашылық учаскесін орналастыру және пайдалану кезінде, құнарлы топырақ қабатының үйіндісін және кіреберіс жолды рекультивациялау. Ақтөбе облысы Алға ауданындағы Бестамак-2 кен орны» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=WXBVnlXb2F0RTg0cGhHV002OFRjdz09> немесе конференция идентификаторы: 253 810 1026. Кіру коды: 0ShUin.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Ecoproject.company@bk.ru және 87025574058 телефоны.



ОРАЗАҢ
КАБЫЛ БОЛСЫН!

8



«АҚТӨБЕ»
ГАЗЕТІНІҢ
ҚОСЫМШАСЫ

11

14



КҮЛКІ БАЗАРЫ

15

№37 (21.226)
31 наурыз
Бейсенбі
2022 жыл

Ақтөбе

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



Аптасына 3 рет шығады

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді

www.aqtobegazeti.kz

aktobegazeti@mail.ru



6

7

ҚЫЗЫЛ СУ КЕШПЕУ ҮШІН...



ОСТЕОХОНДРОЗ:
ЕМДЕУДІҢ
ОЗЫҚ ТҮРІ
ҚАНДАЙ?

9